

6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Ахметова Гүльнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі» (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде) атты диссертациясына

## ПІКІР

Бұгінде жер-су атауларының еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызды ие болып, ұлттық, танымдық сипаттары алдыңғы орынга шықты. Өйткені, жер-су аттары адамзат қоғамында ғана пайда болып, өмір сүріп, қызмет ететіндіктен, сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қала алмайды.

Диссертациялық жұмыста Абай облысының Абай ауданы және оған шекаралас жатқан Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округінің жер-су атаулары лингвистикалық түрғыдан қарастырылып, аймақтық топонимикалық жүйе қалыптастырудың этномәдени, тарихи, физика-географиялық факторларына сипаттама берілген.

Жұмыс үлкен үш тараудан тұрады. «**Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктегі теориялық негізdemесі**» атты бірінші тарау өз ішінде бірнеше тараушаларға бөлініп берілген. Жер-су атауларын зерттеудің тарихи және қазіргі даму барысы, өңір жер-су атаулары қалыптасуының тарихи, географиялық негіздері, топонимикалық жүйені қалыптастырудың этномәдени факторлары, жер-су атауларындағы кеңес заманы идеологиясының көріністері мәселелері жан-жақты талданып беріледі.

«**Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық интерпретациясы**» атты екінші тарауда Абай ауданы және Абыралы өңірі жер-су атауларын жіктеудің лексика-семантикалық аспектісі, антротопоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары, зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар, сан және тұс атауларынан қалыптасқан жер-су аттары деп жіктеліп, нақты мысалдармен ұсынылады.

«**Абай облысы жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері**» атты атты үшінші тарауда Абай ауданы және Абыралы өңірі жер-су атауларын қалыптастырудың сөзжасамдық-құрылымдық сипаты, есім сөздерден жасалған жер-су атаулары, етістік сөз табынан жасалған жер-су атаулары, есімдер мен етістіктер тіркесінен жасалған атаулар деп топтастырулары арқылы берілген.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында Г.Ахметованың салыстырмалы-тарихи, аналитикалық-интерпретативті, функционалдық-жүйелілік, компаративті сараптау, сипаттау әдістері арқылы терең, нақты талдаулар жасай алуы тек құптарлық тұстары деп білемін.

Диссидент Г. Ахметованың зерттеу нысаны ретінде алынып отырған аймақ топонимикалық жүйесі бұрын - соңды өңір өлкетанушылары, тарихшылары, шежірешілері тарапынан қарастырылғанымен, топонимдердің

лингвистикалық тұрғыдан жан-жақы талдануы жұмыстың өзектілігін танытады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері теориялық әрі практикалық тұрғыдан ірі зерттеу жұмыстарын жасауға негіз болатын сөзсіз.

Корыта келгенде, Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика- семантикалық ерекшелігі» (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде) атты диссертациясы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу алуға лайықты деп есептеймін.

Пікір беруші:

Әл-Фараби атындағы Қазақ

Ұлттық университетенің профессоры,  
филологиялық докторы

Г.Н.Смагұлова

